

Список литературы:

- 1 Краткая история становления и развития института адвокатуры в мировом и казахстанском масштабах // <http://www.agka.kz>
- 2 Гражданский процессуальный кодекс Республики Казахстан от 31 октября 2015 года № 377-V «» (с изменениями по состоянию на 26.07.2016 г.) http://online.zakon.kz/document/?doc_id=34329053#sub_id=580000
- 3 Бернам Уильям. Правовая система США. – М., РИО "Новая юстиция", 2007.-1216 с.
- 4 Монополия адвокатов. Адвокаты «ЗА» и «ПРОТИВ» // <http://advokatura.kz/monopoliya-advokatov-advokaty-za-i-protiv/>
- 5 Нормативное постановление Конституционного Совета РК от 20 августа 2009 года № 5 «Об официальном толковании пункта 2 статьи 18 Конституции Республики Казахстан и проверке на соответствие Конституции Республики Казахстан Закона Республики Казахстан «О противодействии легализации (отмыванию) доходов, полученных незаконным путем, и финансированию терроризма» и Закона РК «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам противодействия легализации (отмыванию) доходов, полученных незаконным путем, и финансированию терроризма» http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30475919
- 6 Конституция Республики Казахстан (принята на республиканском референдуме 30 августа 1995 года) (с изменениями и дополнениями по состоянию на 02.02.2011 г.) http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1005029
- 7 Закон Республики Казахстан от 5 декабря 1997 года № 195-І «Об адвокатской деятельности» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 08.04.2016 г.) http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1008408

АДВОКАТҚА ҚОЙЫЛАТЫН ӨНЕГЕЛІК ТАЛАПТАР

*Мырзалиева Ж.Т., з.ғ.м., азаматтық және еңбек құқығы кафедрасының аға оқытушысы,
Академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ*

Жақсы реттелген заңдық кәсіп – құқықтық мемлекеттің кепілі ретінде түсетін заңдық жүйенің қажетті элементі. Өзінің борышын адал атқара алатынын адвокаттардың, қиын жағдайда нақты көмек көрсете алуға қабілетті екеніне халық толық сенім болуы керек.

Қоғамның адвокатураға қолдау беруі, оның өз функцияларын тиімді орындауына және адвокатураның беделін нығайтуға ықпал етеді. Қоғам алдында адвокатураның жоғарғы беделін қамтамасыз етуі, іс пен сөздің бірлігі, кіршіксіздігі арқылы ғана қол жеткізуге болады. Адвокаттық этика, қоғамдық сенім дәрежесін қалыптастыру үшін азаматтық қоғамның өкілі ретінде адвокатураның және адвокаттардың өз міндеттерін дұрыс, білікті және сапалы түрде орындауын қамтамасыз етуді талап етеді.

Заңгер әрқашан өз қызметін адал атқаруға және қоғаммен қарым қатнаста болуға тиіс. Кәсіби заңгер заңды қатаң сақтауға, сондай-ақ, заңды мүдделері мен құқық бұзылған тұлғаларға бұзылған құқықтар мен заңды мүдделерін қалпына келтіру үшін жәрдемдесуге, яғни, заңды дұрыс қолдана білуге тиіс.

Заңда заңгерге белгілі бір құқық беріліп және міндеттер жүктеліп қана қоймай, белгілі бір іс-әрекеттер жасауға тыйым салынған. Мысалы, қорғаушының өзіне қабылданған сезіктіден немесе айыпталушыдан бас тартуға құқығы жоқ.

Адвокаттың кәсіби этикасына тоқталатын болсақ, тарихта адвокаттардың кәсіби этикасының қалыптасу жолы күрделі жайттарды қамтиды [1, 36].

1917 жылға дейінгі мерзімде кәсіби адвокатураның өмірге келуі Ресей империясындағы заңдылықтың қалыптасу және даму тарихымен және 1864 жылғы озық сот реформасының жүргізілуімен тығыз байланысты.

Кеңестік саяси жүйе орныққаннан кейін адвокаттың этикасы айтарлықтай өзгеріске ұшырады. 1864 жылғы реформа бойынша құрылған присяжнойлық және адвокаттардың қызметі олар жаңа социалистік мемлекетті құру принципіне қайшы болғандықтан, кеңес үкіметінің алғашқы деректерімен жойылды.

Кеңестік дәуіріндегі адвокатураның ұйымдық нысаны, сонымен қатар мемлекет тарапынан оған деген көзқарас бойынша революцияға дейінгі адвокатурамен көптеген ортақ тұстардың болғандығын атап өткен жөн.

Халықаралық адвокаттар Одағының адвокаттық этика ережесінде кез келген құқықтық қоғамда адвокаттардың ерекше рөлі айтылған.

Адам және азаматтың конституциямен кепілдік берілген құқықтары мен бостандықтарын қорғау, заңның бұзылуына жол бермеу және құқықтық тәртіпті нығайту адвокаттың кәсіби міндеті, жоғарғы адамгершілік борышы болып табылады. Адвокаттардың заң талаптары мен адвокаттық этика ережелерін сақтауы – адвокаттардың өзін-өзі басқару органдары арқылы кепілдендіріледі.

Заңгерлер өзінің кәсіби қызметін жүзеге асыруда бірінші кезекте құқық нормаларымен жұмыс жасайды, оларды зерттейді, белгілі бір мәселені шешуде қолданылады. Бірақта құқықтық нормалар жеткіліксіз болғандықтан өзге элеуметтік нормаларға жүгіну қажеттілігі туындайды. Осыған байланысты адвокаттық этика институтының қалыптасуына алып келеді.

Адамдық даналықтың жоғарғы үлгісі саналатын заң тұрғысынан қарағанда да бүгінде кәсіпкерлікті дамытуда, бизнес, өндірістің басқа да сан салаларында адамдардың бір-бірімен қарым-қанасын адвокаттарсыз көзге елестету мүмкін болмай бара жатқан тәрізді.

Адвокаттың мінез-құлқы заң көмегін көрсету кезінде де, тұрмыста және жеке өмірінде заңның талаптары мен адамгершілік принциптеріне сай келуге тиіс. Адвокат атағына нұқсан келтіретін мінез-құлық адвокатура институтына деген қоғамның сенімін кетіреді және адвокаттық мәртебемен сыйыспайды. Білікті заң көмегін көрсету бойынша өзінің кәсіби міндетін лайықты атқару мақсатында адвокат өз білімі мен кәсіби шеберлігін толық көлемде пайдалануға міндетті. Адвокаттың кәсіби әдебі мәселелері адвокаттық қызмет туралы заңнамамен немесе Адвокаттардың кәсіптік әдебі кодексімен реттелмеген жағдайларда, адвокат мазмұны қоғамдағы адамгершіліктің жалпы мұраттары мен принциптеріне сәйкес келетін, адвокатурада қалыптасқан салт-дәстүрлерді ұстануы керек.

Адвокаттың этикасы – ол адвокаттың адвокаттық қызмет туралы заңмен, сондай-ақ басқа да актілерде көрсетілген міндеттерін адал және кәсіби атқаруымен белгіленеді. Адвокат заңи көмек көрсететін адамның (клиенттің) алдында оған қызмет көрсетуде, сот және қоғам алдында жалпы өзінің міндеттерін кәсіби тұрғыда және сапалы түрде орындауға жауапкершілік алады. Адвокаттың негізгі мақсаты – қылмыстық істер бойынша қорғау азаматтық, әкімшілік және басқа да шаруашылық істер бойынша азаматтар мен заңды тұлғаларға заңи көмек көрсету болып табылады.

Адвокаттың қызметі мынадай принциптерге сәйкес құрылады:

- адвокаттың өз қызметін жүзеге асырудағы тәуелсіздігі;
- өз қызметін заңмен тыйым салынбаған әдістермен және жолдармен жүзеге асыру;
- заңда өзгеше көзделмесе, прокуратура, сот, анықтау, алдын ала тергеу органдарының, өзге ұйымдар мен лауазымды адамдардың адвокаттың қызметіне араласуына жол берілмейтіндігі;
- кәсіби мінез-құлық нормаларын сақтау;
- адвокаттық құпияны сақтау [2].

«Адвокаттық қызмет туралы» ҚР-ң заңының 16-бабында адвокаттардың ұсынатын кәсіби мінез-құлық нормалары көрсетілген. Заң көмегін көрсету кезінде әрбір адвокат мынадай кәсіби мінез-құлық нормаларын сақтауға тиіс:

- Көп күш-жігер мен уақытты жұмсауды талап ететін қажетті әрекеттер жасаудан жасқанбай құлшыныс білдіруі тиіс;
- Заң мәселелерін қарап жатқан органдар мен лауазымды адамдарға қатысты өзін әдепті ұстауы тиіс;
- Өз кәсіби мінез-құлқын көмек сұрап, өтініш жасаған адамның құқықтары мен заңды мүдделеріне сәйкес, қалыптастыра отырып, істі негізсіз сөзбұдайға салуға, заң көмегін көрсетудің заңсыз әдістеріне, алдауға жол бермеуі тиіс;
- Көмек сұрап, өтініш жасаған адамның мүдделеріне адал болуға және адамның мүдделеріне қарсы қандай да болмасын әрекет жасамауға тиіс [3].

Адвокат білікті заң көмегін көрсетуге және қабылдаған тапсырманы уақытында және сапалы орындау үшін қажет барлық егжей-тегжейлерді ескеріп, істің байыбын түсініп, өзіне жүктелген тапсырманы жетік және адал жүзеге асыруға тиіс.

Адвокат өзінің кәсіби міндеттерін орындай отырып, барлық күші мен қабілетін салып әрекет етуге, әрбір қабылдаған тапсырманы, оның күрделілігі мен ақы төлеу мөлшеріне қарамастан, орындауға жеткілікті уақыт пен көңіл бөлуге; сенім білдірушінің құқықтары мен заңды мүдделерін білдіру және қорғау үшін өзіне қолжетімді және заңға қайшы келмейтін тиімді құралдар мен

әдістерді пайдалануға; өте қысқа мерзімде және оның заңды мүдделерін барынша ескере отырып, оған білікті заң көмегін көрсету үшін барлық күшін салуға тиіс.

Егер адвокат осы нормаларды бұзса, кәсіби әдепті сақтамағандық болып табылады.

«Адвокаттық қызмет туралы» заңға сәйкес, адвокаттық қызмет кәсіпкерлік қызметке жатпайды, себебі оның негізгі мақсаты – пайда табуды көздемейді.

Адвокаттар өзінің кәсіптік міндеттерін іске асыруға байланысты мәлім болған мәселелер бойынша адвокаттан куә ретінде жауап алуға тыйым салынады. Адвокаттардан заңда белгіленген жағдайларды есептемегенде белгілі бір адамға көмек көрсетуіне байланысты қандай да болмасын мәліметтер беруді талап етуге сондай-ақ адвокаттық іс жүргізу, онымен байланысты өзге де материалдар мен құжаттар, сондай-ақ адвокаттың мүлкі, оның ішінде ұялы байланыс құралдары, аудиоаппаратурасы, компьютерлік техникасы Қазақстан Республикасының заңдарында көзделгеннен басқа жағдайларда, тексеруге, қарауға, алуға, алып қоюға және тексеріске жатпайды. Мемлекеттік қызметшілер және мемлекеттік емес ұйымдардың басшылары адвокаттың нақты іс бойынша заң көмегін көрсетуіне байланысты өтінішіне он жұмыс күні ішінде жазбаша жауап беруге міндетті.

Кәсіби адвокат болу оңай емес. Ол үшін, ҚР-ның заңдарын терең білу керек. Адвокаттық құпияны сақтай білу, ол адвокаттың кәсіби әдебінің негізіне жатады. Адвокаттық құпия дегеніміз – адвокатқа көмек сұрап, өтініш жасап жүрген адамдар және басқа да адамдармен жасалған ауызша немесе жазбаша келіссөздердің мазмұны, сондай-ақ адвокаттың заң көмегін көрсету кезінде оған мәлім болған ақпараттар мен мәліметтер. Адвокаттық құпия олавокатқа ол өзінің қорғауындағы адамның сеніп тапсырған мәліметтері, былайша айтқанда ішкі сыры сол себептен оның өз қорғауындағы адамның рұқсатынсыз, ешкімге жариялауға құқығы жоқ.

Адвокатқа деген сенім адвокаттың парасаттылығына, адалдығы мен ұқыптылығына сенім білдірушінің көзі жетпейінше, адвокаттық құпияны сақтай алатынына сенбейінше орын алмайды. Адвокаттық құпияны сақтау қажеттілігі туралы талап адвокаттың көмекшілері мен тағылымдамадан өтушілеріне, адвокаттар алқасының, заң консультацияларының, адвокаттық кеңселердің қызметкерлеріне қолданылады, бұл туралы олар шарт жасасқан кезде немесе жұмысқа қабылдау кезінде жазбаша түрде ескертілуі және жарияламау туралы қолхат беруге тиіс. Адвокат құпиясына жататын мәліметтерді көмек сұрап, өтініш жасаған адамдардың келісімінсіз жария еткен адвокат заңға сәйкес жауапты болады. Адвокаттардың, адвокаттар алқасының төралқасы, заң кеңесі, адвокаттар кеңесінің қызметкерлері заң көмегін көрсетулеріне байланысты алған мәліметтерді жариялауға, өз мүдделері немесе үшінші бір адамның мүдделері үшін пайдалануға құқығы жоқ. Адвокат екі адамды бірдей, егер де олардың арасында қарама-қайшылық болса, қорғауға құқығы жоқ [4, 113].

Адвокат өзінің кәсіби қызметінде жеке мүддесінің немесе басқа адамдардың мүддесі алдында сенім білдірушінің мүдделерін басымдық ретінде негізге алуға міндетті.

Қазақстан Республикасында адам, оның құқықтары мен бостандықтарын тану, сақтау және қорғау мемлекеттің міндеті. Адвокаттық қызмет туралы заңның 6-бабына сәйкес тегін көмек көрсету негіздері қарастырылған, оларға:

1) соттар асыраушысының қайтыс болуы, жұмыспен байланысты мертігуі немесе денсаулығының өзгедей зақымдануы арқылы келтірілген зиянды өтеу туралы істерді қараған кезде қуынушыларға;

2) егер сот қарап жатқан дау кәсіпкерлік қызметпен байланысты болмаса, Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен оларға теңестірілген адамдар, мерзімді қызметтегі әскери қызметшілер, I және II топтардағы мүгедектер, жасы бойынша зейнеткерлер болып табылатын қуынушылар мен жауапкерлерге;

3) алименттер өндіріп алу, зейнетақы мен жәрдемақылар тағайындау, ақтау, босқын немесе оралман мәртебесін алу мәселелері бойынша жеке тұлғаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған кәмелетке толмағандарға заң көмегін тегін көрсетеді, қажет болған жағдайларда құқықтық сипаттағы жазбаша құжаттарды жасайды

Адвокаттың сенім білдірушіге тапсырманың орындалуының оң нәтижесіне қатысты уәде немесе қандай да бір кепілдік беруге және істің ойдағыдай шешілетініне сендіруге және өз тәжірибесіне немесе лауазымды тұлғалармен ерекше қарым-қатынасына сүйеніп, сенім білдірушіні үміттендіруге құқығы жоқ.

Адвокат іс нәтижесінің перспективалары туралы өз пікірін айтуға құқылы.

Егер адвокаттың тапсырманы орындау үшін біліктілігі жеткіліксіз деуге негіз болса, ол тапсырманы қабылдаудан бас тартуға міндетті.

Адвокат бір істе мүдделері бір-біріне қайшы келетін бірнеше тараптың кеңесшісі, қорғаушысы немесе өкілі болуға құқылы емес, ол тек тараптарды татуластыруға ықпал ете алады.

Адвокат, егер:

- 1) ол мүддесі заң көмегіне жүгінген жеке немесе заңды тұлғаның мүддесіне қайшы келетін сенім білдіруге заң көмегін көрсететін немесе бұрын көрсеткен;
- 2) ол осы іске өзге процестік тұлға ретінде қатысқан;
- 3) істі тергеуге немесе оны қарауға адвокатпен туыстық қарым-қатынастағы адам қатысқан;
- 4) мүддесі жүгінген адамның мүддесіне қайшы келетін адамға бір іс бойынша заң көмегін көрсететін адвокатпен ол жақын туыстық қарым-қатынаста болған;
- 5) сенім білдірушінің талабы заңға қайшы келген немесе сенім білдіруші оның мүддесін қорғау үшін көрінеу жалған немесе заңды бұзып алынған дәлелдемені қабылдауды не өзге де заңсыз тәсілдер мен құралдар пайдалануды талап еткен;

б) құпияның сақталуына мүдделі сенім білдірушіден бұған жазбаша келісім алынған жағдайларды қоспағанда, одан басқа сенім білдіруші сеніп тапсырған құпияны жария етуді талап ететін мән-жайлар туындауы мүмкін жағдайларда сенім білдірушіге заң көмегін көрсетуге құқылы емес және заң көмегін көрсету бойынша міндеттемені қабылдаудан не оны одан әрі орындаудан бас тартуға тиіс.

Адвокат өз кінәсін мойындамайтын айыпталушының ұстанымын қолдауға және негіздеуге міндетті әрі өзге позицияны қабылдауға құқылы емес. Қорғауындағы адамның кінәлі екенін мойындау қорғау құқығын өрескел бұзу болып табылады.

Адвокат әріптестеріне құрметпен қарауға, ұжымдағы қалыпты адамгершілік-психологиялық ахуалды сақтауға, қажет болған кезде әріптестеріне консультациялық көмек көрсетуге, жас адвокаттарға өз білімімен және тәжірибесімен көмектесе отырып, олардың жұмысына зер салуға міндетті.

Адвокат:

- 1) құжаттарды жасау кезінде, заң көмегіне жүгінуге келген адамдармен әңгімелесу барысында бұрын осы адамдарға заң көмегін көрсеткен басқа адвокаттың қадір-қасиетін, арнамысын немесе іскерлік беделін төмендететін сөздерді пайдалануға, осы адвокаттың әрекеттері мен консультацияларына баға беруге және сынауға, заң көмегіне жүгінген адамдармен басқа адвокаттардың алатын төлем мөлшерінің негізділігін талқылауға;
- 2) басқа адвокат туралы дұрыс емес мәліметтерді әдейі таратуға;
- 3) заң көмегіне жүгінген адамның көзінше басқа адвокаттың әрекеттерінің дұрыстығына дауласуға жол бермеуге тиіс және олардан тартынуға міндетті.

Адвокат басқа адвокаттың сенім білдірушісімен іс мәселелері жөнінде өзіне сенім білдірушінің ғана келісімімен әңгімелесуге құқылы.

Адвокат процесс кезінде өін ұстамдылық жағынан көрсетуі керек және жарыссөз кезегін дұрыс пайдалана білуі керек. Адвокат сотта қашанда прокурордан кейін сөйлейтіндіктен, оған қорғау сөзін бастау қиынға соғады. Себебі, алдында ғана прокурор сөйлеп, айыпталушыға тиісті жаза тағайындауың сұрайды, сол себептен сотқа қатысушылардың көңілін бұру үшін адвокаттың сөйлейтін сөйлейтін сөзі жүрегінен шығуы қажет. Адвокат заң көмегін көрсету мақсатын кіріс табудан жоғары қоюы керек. Сонымен қатар, адвокаттың кәсіби әдептілігіне өзінің қорғауындағы адамның қанша сенімін ақтады, оған да байланысты. Себебі, қай кездері адвокат іске қатыспай жатып, өзінің қорғауындағы адамның тек өзіне ғана сеніп, оны кінәлі емессің деп сендіріп қояды, ал кейіннен, ол адам сотталып кетіп, адвокаттарға деген сенімі жоғалады. Себебі тек сот қана адамның кінәлі немесе кінәсіз екенін айқындайды. Процесте қорғаушының міндеті заңға сүйене отырып, заңды қолдана отырып, күдіктіге, айыпталушыға қажетті заңи көмек көрсету болып табылады. Қорғаушы мен прокурордың арасындағы жарыссөз соттың дұрыс шешім қабылдауына әсер етеді. Қорғаушы прокурормен емес, айыппен дауласады, сондықтан да, өз қорғауындағы тұлғаның кінәсіздігін дәлелдеу үшін фактілерді, дәлелдемелерді, нақты деректерді ұсынуы қажет. Қорғаушы қорғауындағы тұлғаның мүдделеріне бола сотты алдауға, дәйексіз сөйлеуге, заңды бұзуға, оның істеген қылмысын бұрмалап, жәбірленушіге негізсіз кінә тағуға жол бермеуі тиіс. Егер айыпталушының кінәлі екендігі анықталса, қорғаушы ақтауды сұрауға міндетті емес. Қорғаушының негізгі мақсаты – айыпталушыны ақтап шығару емес, оған заңи көмек көрсету болып табылады. Қорғау қорытындысы бойынша қорғаушы жалған сөйлегені үшін, өз қорғауындағы тұлғаның өміріне қауіп төндіруі мүмкін. Бір ғана өтіріктің өзі, қорғаушының барлық сөзін жоққа шығарады. Өйткені шындық қана барлық істі айқындай алады. Процесс кезінде сот отырысы залында қорғаушы өзін әдепті ұстауға, сотқа құрметпен қарауы тиіс [5, 28].

Жоғарыда айтылған мәселелерді түйіндей келе, адвокаттың этика ерелерін орындауы кәсіби міндетін лайықты, білікті, тиімді орындауға және адвокатураның беделін арттыруға ықпалын тигізеді.

Адвокат әріптестеріне құрметпен қарауға, қалыпты өнегелік-психологиялық климатты қалыптастыруға, қажет болған жағдайда әріптестеріне кеңестік көмек беруге, енді жұмысын бастаған адвокаттарға көңіл бөлу, оларға өз білімдері және тәжірибелерімен көмектесуі тиіс.

Адвокаттардың іс-әрекеттері үшін қандай да бір жауапкершілік шаралары қолданылады. Ол тек құқықтық қана емес, сонымен қатар моральдық, ең алдымен өзінің ар-ожаны алдында, іріптестері, сенім білдіруші алдында жауапкершілігін білдіреді.

Сенім білдірушінің абыройы мен ар-намысын құрметтеу, сот және өзге де мемлекеттік органдарға құрметпен қарауы, адвокатура институтының беделін нығайтуға, азаматтар тарапынан ғана емес сонымен қатар мемлекеттік органдардың, лауазымды тұлғалардың адвокатқа құрметпен қарауына ықпалын тигізеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Адвокат: навыки профессионального мастерства / Под ред. Л.А. Воскобитовой, И.Н. Лукьяновой, Л.П. Михайловой. – М.: Волтерс Клувер, 2006. – 592 с.

2. Адвокаттардың кәсіптік әдеби кодексі 2014 жылғы 26 қыркүйектегі Адвокаттар алқасы делегаттарының екінші республикалық конференциясында бекітілген (2015 жылдың 1-қаңтарынан бастап заңдық күшіне енген)

3. «Адвокаттық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 5 желтоқсандағы N 195 Заңы <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z970000195>

4. Барщевский М.Ю. Адвокатская этика. – М. Профобразование, 2001. - 321 с.

5. Асанов, А. Адвокаттың кәсіби этикасы // Заң. - 2013. - №7. - С. 27-29.

АЗАМАТТЫҚ ІСТЕР БОЙЫНША АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫҢ АЛАТЫН ОРНЫ

*Мулькубаева Ш.Р., з.ғ.м., азаматтық және еңбек құқығы кафедрасының аға оқытушысы
Жақыпбаева Г.Д., заң факультетінің 3 курс студенті, Академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ*

Қазіргі таңда әлемде талап-арыздар интернет-ресурс арқылы берілетін, сот актілері мен сот отырыстарының аудио жазбасы немесе видео-хаттамаларымен танысу мүмкіндігі, елдер арасында қарқынды дамып келеді. Осындай мәселелерге байланысты қарастырылған «Төрелік» сот өндірісінде қолданылады.

Сот жүйесі сонау Ежелгі Рим және антикалық дәуірден тамыры жайылған өзінің дәстүрі қалыптасқан консервативті жүйе болып табылады. Егер АҚШ, Ресей және Еуропаның басқа да елдерінде сот жүйесіне ақпараттық технологияны XX ғасырдың 80 жылдары енгізе бастады.

Электронды сот өндірісін қолдану бойынша Оңтүстік Корея мемлекеті электронды үкімет интернет-бұлтты арқасында алдыңғы қатарда тұр. Мемлекеттің басты дамуы-ұялы технологиясын жетілдіруінде. Оңтүстік Корея үкіметі мемлекеттік қызметтерді мейілінше ұялы құралдар арқылы дамытуды көздеуде. Ендігі мемлекеттің мақсаты – кез келген жерде, кез келген уақытта мемлекеттік қызметті жүзеге асыруды қолжетімдігін арттыруды әрі қарай дамытады.

Дания мемлекеті заман талабына сай болу үшін «болашақ гүлдену үшін цифрлық жол» программасы жақында енгізілгенімен де көш бастаушы мемлекеттерден қалыспайды. Мемлекет пен халық арасындағы үкімет қарым-қатынасты жақсарту мақсатында, жаһандану заманына сай болу үшін, сот өндірісін жеңілдетуде қосқан үлесі мол.

Ал Швецияда азаматтар мен үкіметті тығыз байланыстыру үшін электрондық порталда азаматтардың ақпараттық даму процесіне баға беруі, үкімет жұмысын сол арқылы жеңілдету, азаматтардың бақылау жүргізуіне, қызығушылықтарын қанағаттандыру мақсатында электрондық қызмет жүзеге асады. Онда мемлекет шығынының мөлшері, ақпараттық жүйенің мазмұны мен дамуы, ақпаратпен қамтамасыз ететін агенттіктер құрылған. Ақпараттың қандай да құнын үкімет қадағалап отырады.

Ең алғашқы электрондық үкімет құру идеясы Сингапур елінде еді. Ол 1981 жылдан бастап мемлекетті компьютерлеуді жүзеге асыра бастады. Ұлттық компьютер бойынша кеңес және